

Байтуова А.Н.,

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, ф. ғ. к.,
Түркістан қ., Қазақстан, e-mail: baituaigul@mail.ru

ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ТІЛДІК ҰҚСАСТЫҚТЫҢ САҚТАЛУЫ

Ғасырлар тоғысында заманауи адамзаттың жаһандық өзгерістері жаңа бағдардың, жаңа құндылықтардың пайда болуымен ерекшеленеді. Ғаламдық экономиканың соны әлемдік идеялары, мәдениеттердің бірігуі т.с.с. өзекті мәселеге айналады. Жаһандану үдерістері ұлттық мәдениеттерге көптеп енген сайын, халық та мәдениет, дәстүр, тіл, дін, діл сияқты ішкі компоненттерін барынша сақтап қалуға күш салуда. Яғни ғаламдық өзгерістер кезеңінде халықтың осы дүниеде қоғамдағы өз орнын өзі анықтауға, өзінің ұқсастығын қорғап қалуға және сақтап қалуға және өзіндік ерекшелікке ұмтылуымен байланысты ұлттық ұқсастық мәселелері күшеюде. Ұлттық мәдениеттің ғасырлық әдет-ғұрпына баса-көктеп кіретін жаһанданудың шарасыз үдерістері кейде соңы дау-дамайға, одан соң адамзаттың құрбан болуына әкеп соқтыратын ұлтаралық, дінаралық шиеленіске алып келеді. Заманауи әлемде ұлтаралық дау-дамайлар мен сепаративтік идеялардың бүгінгі таңдағы басты мәселелердің біріне айналғаны кездейсоқ емес.

Түйін сөздер: ұлттық, заманауи, ғасырлық, этномәдени, жаһандану, этникалық, тіл, әлемдік, қалыптасу.

Baituova A.N.

Preservation of ethnocultural and linguistic identity in the era of globalization

Ethnic culture expresses its linguistic and cultural identity of the ethnic group, including the specific features of the material and spiritual culture, life, group psychological characteristics common identity based on the idea of their common origin. Ethnic culture, in addition, includes the language of the world of communication, which represents emerging in communications of various ethnic groups shared «communicative and cultural zones» – areas of global culture. In the culture of the ethnic group and the ethnic specific common worldwide languages coexist as represent different cultural layers. Based on the above, ethnic and cultural identity can be determined as part of a multiple identity which is a socio-cultural construct, transmit awareness of the individual himself as a member of an ethnic group, the degree of mastery of the ethnic culture and language, the adoption of its values and unconditional adherence to them in practice. Becoming the global cultural space and the emergence of a global culture occurs on the basis of cultural values that are common to all the world's cultures. Although these values were in all cultures have always, however, the formation of a global culture of today occurs only during the information globalization of the world, when activated by the process of cultural interchange, leading to a deepening of the cultural self-development and enrichment at the expense of the development of a cultural experience. Therefore, in today's world issues of national identity and national in-teresa in the context of globalization are the focus of both researchers and policy makers. The global transformation of modern humanity at the turn of the century characterized by new guidelines, new values. Relevant ideas become new world of the global economy, the integration of cultures, etc.

The stronger the processes of globalization penetrate into the national culture, the more the nations are trying to protect the internal components such as culture, traditions, language and religion. That is, in the period of global transformations aggravated the problem of national identity related to people's desire for identity and self-determination in the real world, and so they defend their identity.

Key words: identity, globalization, ethnic culture, language, ethnic and cultural identity, language identity, individual, cultural values, mentality, multilingualism.

Байтуова А.Н.
**Сохранение этнокультурной и языковой идентичности
в эпоху глобализации**

Одной из главных причин возросшего интереса к проблемам этнокультурной идентичности явилось и то, что этнические отношения стали играть в конструировании общества весьма заметную роль, поэтому игнорировать их было бы просто невозможно. Если в начале XX столетия многие ученые в сфере социальных наук полагали, что этнокультурная идентичность будет постепенно терять свое значение в жизни людей вследствие процессов модернизации, индустриализации, развития гражданского общества и личностного индивидуализма, то последующая практика показала во многом неправомочность такого мнения. Этничность, этнокультурная идентичность не только сохранили, но и усилили свое значение в социальной, политической и культурной жизни. Боязнь утратить свой язык, культуру, свою самобытность, историческую уникальность характерна для всех народов, независимо от того, где бы, в границах каких бы то ни было государственных образований, они не проживали.

Таким образом, путь разрешения противоречия между всемирным языком глобализации и языками и культурами планеты заключается в признании комплементарности их отношений на основе принципа дополнительности. Угроза сохранению этнокультурных идентичностей возникает в тех случаях, когда различные идентичности в рамках множественной идентичности ставятся в условия соперничества, ведущего к вытеснению одной или нескольких идентичностей.

Ключевые слова: идентичность, глобализация, этническая культура, язык, этнокультурная идентичность, языковая идентичность, индивид, культурная ценность, менталитет, многоязычие.

Жаһандық мәдени кеңістіктің сақталуы және жаһандық мәдениеттің пайда болуы барлық әлемдік мәдениеттерге жалпы болып табылатын мәдени құндылықтар негізінде жүзеге асуы тиіс. Десе де мұндай құндылықтар әрқашан барлық мәдениетте болған, сонымен қатар жаһандық мәдениет бүгінде ғана әлемнің ақпараттық жаһандану кезеңінде, яғни басқа мәдени тәжірибені меңгеру есебінен мәдени өзіндік даму мен өзіндік байытуды тереңдетуге алып келетін мәдени өзара алмасу үдерісі белсендендірілетін кезде қалыптасуда. Тарих қойнауы, салт-дәстүрлер мен зерттеудің теориялық негіздері осы мәселені зерттеушілердің басым бөлігіне ұқсастықтың қалыптасуында этномәдени фактордың басым болуын және соған сәйкес ғаламшардың тілдік және мәдени мұрасының ажырамас бөлігі ретінде этномәдени ұқсастықтарды қорғау және сақтау жолдарының іздестіру қажеттілігін мойындауға мүмкіндік береді.

Тіл мен мәдениеттің байланысы тілдің репрезентативті функциясы негізінде жүзеге асырылады. Тіл үшін нақты мәдениеттің заттылығы тілдік тәсілмен белгіленетін референт ретінде еске түседі. Тілдің мұндай функциясын этномәдени деп те атауға болады. Этномәдени функцияның болуы тілге мәдени маңыздылық береді және оны этномәдени ұқсастық белгілерінің бірі ретінде негізге алады. Тіл этностың айрықша белгісі ретінде мәдениеттің ұлттық-ерекше компоненттерінің арасында алғашқы орынды иеленеді. Этномәдени ұқсастыққа тікелей қатысы бар тілдің

функциялары жазбаша және ауызша сөйлеу формаларында мәдени құндылықтарды сақтаудан, ұлттық мәдениет қазынасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуден және әлемнің өзгеше көрінісі мен менталитетін жасау арқылы адамды қалыптастырудан тұрады.

Тіл этностың басты белгілері ретінде әрдайым тарихи және теориялық тұрғыдан қарастырылды. Тілдік және мәдени жаһандану орнықсыз жағдай қалыптастырады, оның аясында әлемнің тілдік және этномәдени алуандылығын бүкіл әлемдік тілмен және басым мәдениетпен және этномәдени ұқсастықтардың тілдік және мәдени алуандылығын сақтау қажеттілігімен сіндіру мүмкіндігі арасындағы қайшылықтарды шешу қажеттілігі туралы мәселе туындайды.

Ғасырлар тоғысында заманауи адамзаттың жаһандық өзгерістері жаңа бағдардың, жаңа құндылықтардың пайда болуымен ерекшеленеді. Ғаламдық экономиканың соны әлемдік идеялары, мәдениеттердің бірігуі т.с.с. өзекті мәселеге айналууда. Жаһандану үдерістері ұлттық мәдениеттерге көптеп енген сайын, халық та мәдениет, дәстүр, тіл, дін, діл сияқты ішкі компоненттерін барынша сақтап қалуға күш салуда. Яғни ғаламдық өзгерістер кезеңінде халықтың осы дүниеде қоғамдағы өз орнын өзі анықтауға, өзінің ұқсастығын қорғап қалуға және сақтап қалуға және өзіндік ерекшелікке ұмтылуымен байланысты ұлттық ұқсастық мәселелері күшеюде [1, 10-11].

Ұлттық мәдениеттің ғасырлық әдет-ғұрпына баса-көктеп кіретін жаһанданудың шарасыз

үдерістері кейде соңы дау-дамайға, одан соң адамзаттың құрбан болуына әкеп соқтыратын ұлтаралық, дінаралық шиеленіске алып келеді. Заманауи әлемде ұлтаралық дау-дамайлар мен сепаративтік идеялардың бүгінгі таңдағы басты мәселелердің біріне айналғаны кездейсоқ емес.

Жаһандану жағдайындағы этномәдени ұқсастық өзгеріске ұшырауда, өйткені мұнда коммуникативтік, сондай-ақ репрезентативтік (этномәдени) функцияларды да орындайтын этникалық тіл қатарына кіретін этноерекше қасиеттер кешенінде енді өзін негіздей алмайды. Соған сәйкес этникалық тіл этнос аясындағы өзара түсіністікті қамтамасыз етеді және бір мезгілде оның мәдениетінің өзгешелігін (тарихи жадыны заттандырады, сөзде білдіреді және жалпы дәстүрлерді сақтайды, топтық сәйкестік сезімін қалыптастырады т.с.с.) көрнекілейді. Бүкіл әлемдік қатынас тілі болса, этникалық тілге кірмей, бірақ жаһандану үдерістеріне ұшыраған этнос мәдениетін сипаттап, бір-бірін толықтыра келе этномәдени ұқсастыққа жатады, соның арқасында ол жаһандану талабына жауап беру мүмкіндігін иеленеді. Ол жаппай коммуникация мүмкіндігін иеленіп, нақты этностың мәдениеті мен тілінің және жаппай қатынас пен жалпы мәдениет тілінің бір-бірін толықтыратын қатынастарды қамтамасыз ете отырып этносты әлемдік мәдени кеңістікке шығарады [2, 62].

Қалыптасып жатқан жаһандық мәдениет барлық ұлттық мәдениеттер үшін жалпы құндылықтар негізінде құрылады, және әрбір ұлттық мәдениет өзінің жаһандану деңгейінде ғаламдық мәдениеттің қалыптасуына өз үлесін қосады. Халықтың өзіндік ерекшелігін сақтауға, өзінің тарихи бірегейлігін айрықшалауға, өзінің дәстүрлі мәдениетінің, тілі мен психологиялық үйлесімінің артықшылықтарын қайта қалпына келтіруге және қорғауға ұмтылуын сипаттайтын, миллиондаған адамдардың (әсіресе – «үшінші әлем» елдерінде) күшті ниетпен (кейде төтенше жағдайларда – қаруланған күрес, көтерілістік қозғалыс, террор) өздерінің белгілі этносқа тиістілігін мойындайтынын, яғни этникалық сана-сезімі мен этникалық сәйкестігін танытумен білдіретін үдерістер бар.

Этномәдени ұқсастық мәселелеріне деген аса қызығушылық білдірудің басты себептерінің бірі сол, этникалық қатынастар қоғамды құруда айтарлықтай рөл ойнай бастады, сондықтан оларды жоққа шығару тіпті мүмкін болмады. Егер ХХ ғасырдың басында әлеуметтік ғылымдар саласындағы көптеген ғалымдар этномәдени сәйкестік адамдардың өмірінде азаматтық қоғам мен тұлғалық дарашылдықты модернизациялау,

индустриализациялау, дамыту үдерістері салдарынан өз мәнін біртіндеп жоятын болады деп болжаған, кейінгі тәжірибе көп жерде мұндай пікірдің заңсыз екенін көрсетті. Этникалық, этномәдени ұқсастық әлеуметтік, саяси және мәдени өмірде өз мәнін сақтап қана қоймай, сонымен қатар оның маңызын арттырды. Өзінің тілін, өзіндік ерекшелігін, тарихи бірегейлігін жоғалтып алу қаупі қайда өмір сүретініне қарамстан барлық халықтарға тән.

Сөйте тұра әлеуметтік-философиялық жоспарда этномәдени ұқсастық өздігінен емес, дәл қоғамдық және мәдени тұтастықтың компоненті ретінде, яғни әлеуметтік-философиялық білім жүйесіндегі негізгі категориялар ретінде қоғам мен мәдениеттің анықталған рөлін ескеру арқылы қызығушылық білдіруі тиіс. Мұның барлығы зерттеушінің «этномәдени ұқсастық» ұғымын дәлме-дәл анықтау үшін базистік ерекшеліктерді айқындау, адам өмірінде және заманауи қоғамда оның функционалды ерекшеліктері мен рөлін нақтылау сияқты маңызды мәселелерге жүгінуін көздейді. Ең алдымен, оған біздің ойымызша, халықтардың өзін-өзі сәйкестендірудің әлеуметтік-тарихи және экологиялық-шаруашылық сияқты «сыртқы» факторлары жатады, өйткені олар оның шарттылық табиғатын «сырттан» сияқты түсіну үшін қызықты және маңызды. Сонымен қатар, этномәдени ұқсастықтың әлеуметтік-танымдық құндылығы адам феноменінің өзінде негізі қаланған басты ерекшеліктерді зерттеумен де байланысты. Бұл тұрғыда адамзат психологиясы мен мәдениетінің кейде сезілмейтін, бірақ сонымен бірге ең ықпалды механизмдерін қозғайтын дін мен тіл сияқты терең «ішкі» этномәдени факторларды да зерттеудің маңызы зор. Этникалық сана-сезім – тарихи дамудың өнімі болып табылатын күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Тарихтың түрлі кезеңдерінде, кез келген мемлекет ішінің жағдайына, мемлекет ішіндегі қоғамдық байланыстардың даму, оның поли- немесе моноэтникалық деңгейіне қарай бұл құбылыстың сипаты мен адамдардың осы құбылысқа деген қатынасы (бағасы) әр түрлі болған. Осыған сәйкес, түрлі кезеңдерде осы құбылыстың өзі де, адамдардың оған деген қызығушылығы да әрқалай танылды [3, 214]. Этникалық сана-сезім – бұл сәйкестендіру, яғни адамның өзін қандай-да бір ұлтқа жатқызуы, оның өз халқы, оның ерекше қасиеттері, мәдениеті, тілі, өмір сүру аймағы, тарихи өткені, яғни «біз» деген бейнесі туралы түсінуі. Барлық осы түсініктер эмоциялы бейнеленген, оларға белгілі қатынас, мысалы, адамның іс-

әрекеттерін ынталандыруға қабілетті мақтаныш, бірге күйзелу сезімдері қалыптастырылады. Сонымен, мәдени сәйкестендіру – бұл адамның өзін-өзі нақты мәдениет ішінде сезінуі. Ол жеке өзін-өзі ұқсатудың субъективті сезімімен, яғни өзін мәдени ұйымдастырудың қандай-да типологиялық формаларын ұқсатуымен сипатталады. Жеке тұлға дүние есігін ашқан кезде өзін қоршаған адамдарынан меңгеретін белгілі мәдени «мұрагерлікке» ие болады.

Осы ретте ұлттық-этникалық аспект әрдайым нақтылаушы болмаса да, басты рөлді ойнайды.

Этникалық ұқсастық өзінің белгілі этникалық ортақтыққа тиесілі екенін сезінетін психологиялық категорияның, тұлғаның әлеуметтік ұқсастығының ажырамас бөлігі болып табылады. Осыған сүйене отырып, біз этникалық ұқсастық дегенде күрделі әлеуметтік феноменді, өзінің этноспен ұқсастығын сезінудің, осы этностың ерекшеліктері салдарынан пайда болатын және адамдардың мінез-құлқында байқалатын нәтижені түсінеміз.

XXI ғасыр өркениеттердің, мәдениеттердің, менталдылықтардың тоғысуымен ерекшеленді. Бүгінде аясында тұлға қалыптасатын заманауи мемлекеттер территориясындағы кез келген коммуникативтік кеңістік полиэтникалық, поликонфессионалдық және полимәдени болып табылады. Мұндай жағдайларда полиэтникалық әлеуметтерде сәйкестендіру факторлары ретінде жалпы этникалық тілдің рөлі артады. Тіл ішкі этникалық нормативтік бірліктің негізін құрайды, этностың тұтастай коммуникациясын анықтайды, этностың, коммуникация барысында тіпті түрлі әлеуметтік мәдени топтарға жататын барлық мүшелері арасында әлеуметтік өзара әрекет пен әлеуметтік мәдени қатынасты анықтайды. Этникалық ұқсастық құрылымына өзін-өзі анықтау; этно біріктіруші және этно дифференциалдаушы белгілер жүйесі; өзінің этникалылығын сезінумен байланысты сезімдер, эмоциялар (ұялу, мақтан тұту, кінәлау, қысым көру, немқұрайлық т.б.) жатады. Этникалық адамдардың нақты мінез-құлқында (тілдік, діни тәртіп, мәдени бағдар, этникааралық тәртіптің стратегиялары) танылады, сондықтан этникалық ұқсастықтың құрылымына мінез-құлық элементі де кіреді [4, 107].

Адам көшіп-қону кезінде жат ортада бейімделу мәселелерімен, өзінің этникалық мәртебесін қалыптастыру және дәлелдеу қажеттілігімен ұшырасады. Этникалық мәртебе тұлғалық және топтық деңгейде этникааралық қатынастар жүйесінде жеке адамның немесе топтың орнын көрсетеді және біршама дәрежеде тұлғаның

әлеуметтік байланыстарының құрылымын анықтайды; этникалық мәртебе кез келген этностың немесе этникалық топтың белгісі болып саналады және де тұлға белгілі этносқа қаншалықты тиесілі болса, оны да соншалықты иеленеді.

Жаһандану жағдайларында этномәдени ұқсастық көптеген ұқсастықтардың бөлігіне айналды. Осы ретте ұлттық тіл немесе этнос тілі этномәдени ұқсастықты білдірудің маңызды функциясын орындаса, бүкіл әлемдік қатынас тілі жаһандық қатынас құралының коммуникативті функциясында пайдаланылады және этномәдени ұқсастық көрінісінде жергілікті тілдермен бәсекелеспейді. Этномәдени ұқсастықтардағы этномәдени архетиптердің болуы олардың тұрақтылығына ықпал етеді.

Тіл үшін нақты мәдениеттің заттылығы тілдік тәсілмен белгіленетін референт ретінде көрінеді. Тілдің мұндай функциясын этномәдени деп те атауға болады. Этномәдени функцияның болуы тілге мәдени маңыз береді және оны этномәдени ұқсастық белгілерінің бірі ретінде негіздейді. Тіл этностың ерекше белгісі ретінде мәдениеттің ұлттық-ерекше компоненттері арасында бірінші орынды иеленеді. Этномәдени ұқсастыққа тікелей қатысы бар тілдің функциялары мәдени құндылықтарды жазбаша және ауызша сөйлеу формаларында сақтаудан, ұлттық мәдениет қазынасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуден және әлемнің ерекше көрінісі мен менталитетті құру арқылы адамды қалыптастырудан тұрады.

Жаңа халықаралық ұйымдастырушылық құрылымдар бүкіл әлемдік қатынас тілі қажет мәдени кеңістік болып табылады. Этномәдени құрамдастың болмауы бүкіл әлемдік қатынас тілінің ерекшелігі екенін ескерген жөн. Ол коммуникативті функцияда тілдерлік кедергілерді жою үшін ғана пайдаланылады.

Қазіргі таңда тілдік және мәдени жаһанданудың кері әсері мен этномәдени ұқсастық мәселелерінің салыстырмалы өңделуіне қарамастан жаһандану жағдайларында этномәдени ұқсастық пен кедергісіз тілдік коммуникация қажеттілігінің сақталуы арасындағы қайшылықтың шешілу мәселесін тұтас өңдеудің жетіспеушілігін атап өткен абзал. Ұлттық тілдер мен мәдениеттердің сақталуы мен тұрақты дамуында жаһандану үдерістері кезінде тілдерлік және мәдени аралық коммуникацияны сәтті жүзеге асырудың ең әсерлі жолдарын айқындау үшін тілдер мен мәдениеттердің жаһандану жүйесіндегі өзара әрекет ету ерекшеліктерін, көптілді қауымдастықтарды тілдік ұйымдастыру тәсілдерін, қоғамдық және мемлекеттік көптілділіктің оң және кері тәжі-

рибесін, жаһандану үдерістерінің тілдер мен мәдениеттерге, әсіресе аз халықтар мен тілдік азшылықтардың тілі мен мәдениетіне деген әсерін зерттеу қажет. Сондай-ақ көптілділіктің тұлға деңгейінде жұмыс істеу ерекшеліктерін, көптілді және полимәдени әлемде қатынасу мәселелерін, сонымен бірге жаһандану ғасырында көптілді және полимәдени тұлғаны тәрбиелеуде білімнің рөлін қарастыру қажет [5, 152].

Жаңа мәдени білім – этномәдени және жаһандық ұқсастықтары бар көпшілік ұқсастық пайда болады. Ұлттық тілдер мен мәдениеттердің сақталуы мен тұрақты дамуында жаһандану үдерістері кезінде тіларалық және мәдени аралық коммуникацияны сәтті жүзеге асырудың ең әсерлі жолдарын айқындау үшін тілдер мен мәдениеттердің жаһандану жүйесіндегі өзара әрекет ету ерекшеліктерін, көптілді қауымдастықтарды тілдік ұйымдастыру тәсілдерін, қоғамдық және мемлекеттік көптілділіктің оң және кері тәжірибесін, жаһандану үдерістерінің тілдер мен мәдениеттерге, әсіресе аз халықтар мен тілдік азшылықтардың тілі мен мәдениетіне деген әсерін зерттеу қажет. Сондай-ақ көптілділіктің тұлға деңгейінде жұмыс істеу ерекшеліктерін, көптілді және полимәдени әлемде қатынасу мәселелерін, сонымен бірге жаһандану ғасырында көптілді және полимәдени тұлғаны тәрбиелеуде білімнің рөлін қарастыру қажет.

Осылайша, жаһанданудың бүкіл әлемдік тілі мен ғамашардың тілдері мен мәдениеттері арасындағы қайшылықты шешу жолы толықтыру

қағидасы негізінде бір-бірін толықтыратын қатынастарды мойындаудан тұрады.

Көптеген ұқсастықтарды құрайтын тілдер мен мәдениеттер арасында функционалды рөлдерді бөлу кезінде ғаламшардың тілдік және мәдени алуандылығын сақтауға мүмкіндік беретін тілдердің бүкіл әлемдік жүйесінің тепе-теңдігі мен тұрақтылығы үшін жағдай жасалады.

Жаһандану дәуірінде бүкіл әлемдік коммуникация тілінің – бүкіл әлемдік қатынас тілінің жеке тілдік репертуарға қосылуы қажет. Жаһандану бұл кезеңде өзін көптеген ұқсастықтың өкілі деп сезінетін адамда мәдени және ұлттық ұқсастық үшін ең күшті сынақ болып табылатынына қарамастан, кез келген мәдениетті бөтен немесе дұшпандық деп сәйкестендіруге негіз аз. Заманауи әлем дәстүрлімен қатар ұқсастықтың барлық жаңа деңгейлерін қамтитын ұқсастықтардың кешенді, көпдеңгейлі құрылымымен сипатталады, бұл жаһанданудың бір мәнді еместігін дәлелдейді: бір жағынан, ол мемлекеттің бұрынғы рөлін, және соған сәйкес онымен байланысты ұлттық ұқсастықты күмәнға келтіріп отыр, екінші жағынан – түрлі қауымдастықтардың бірігуіне септігін тигізеді және ұқсастықты анықтау қажеттілігін қарқындатады. Диалог пен мәдениеттер сабақтастығы қалыптасқан жағдайда қиындыққа тап болса да ұқсастықтың үлесіне тиген сынақтарды жеңудің басты құралы. Алайда қазіргі заманның сын-тегеуріндері қарқынды өзгеруші әлемнің жағдайларына сәйкес жаңа ұқсастықтардың құрылымын жасауға түрткі болады.

Әдебиеттер

- 1 Малинова О.Ю. Идентичность как категория практики и научного анализа: о различии подходов // Права человека и проблемы идентичности в России в современном мире / Под ред. О.Ю. Малинова, А.Ю. Сунгурова. – СПб.: Норма, 2005. – С. 7-20.
- 2 Мелосик З., Шкляк Т. Культура, самобытность и образование: мерцание ценностей [Электронный ресурс]. URL: www.relga.ru/Environ/WebObjects/tgu-www.woa/wa/
- 3 Федотова Н.Н. Идентичность // Энциклопедия «Глобалистика» / Под ред. И.И. Мазур, А.Н. Чумакова. – М., 2003. – С. 357.
- 4 Эриксон Э.Г. Идентичность: молодежь и кризис / Транс. А.Д. Андреева и другие. – М.: Прогресс, 1996. – 342 с.
- 5 Эриксон Э.Г. Идентичность и недержание в наше время // Философские науки. – 1995. – № 5-6.

References

- 1 Malinova O.YU. Identichnost' kak kategoriya praktiki i nauchnogo analiza: o razlichii podhodov // Prava cheloveka i problemy identichnosti v Rossii v sovremennom mire / Pod red. O.YU. Malinova, A.YU. Sungurova. – SPb.: Norma, 2005. – S. 7-20.
- 2 Melosik Z., SHklulyak T. Kul'tura, samobytnost' i obrazovanie: mercanie cennostej [EHlektronnyj resurs]. URL: www.relga.ru/Environ/WebObjects/tgu-www.woa/wa/
- 3 Fedotova N.N. Identichnost' // EHnciklopediya «Globalistika» / Pod red. I.I. Mazur, A.N. CHumakova. – M., 2003. – S. 357.
- 4 EHrikson EH.G. Identichnost': molodezh' i krizis / Trans. A.D. Andreeva i drugie; – M.: Progress, 1996. – 342 s.
- 5 EHrikson EH.G. Identichnost' i nederzhanie v nashe vremya // Filozofskie nauki. – 1995. – № 5-6.